

Музыка жетекшісінің 2023 - 2024 оқу жылына арналған үйымдастырылған іс-әрекеттің перспективалық жоспары
Білім беру үйимы: ЖШС "Жансултан и К" "Бағдаршам" балабақшасы

Топ: «Балбек» ортаңғы тобы

Балалардың жасы: 3-4 жастан.

Жоспардың құрылу кезеңі: қантар айы, 2023-2024 оқу жылы.

Айы	Үйымдастырылған іс-әрекет	Үйымдастырылған іс-әрекеттің міндеттері
Қантар	Музыка	<p>- музыкаға қызығушылықты қалыптастыру, шығармашылық ойлауы мен қиялдауын дамыту;</p> <p>- қазақ халқының өнер туындыларымен, сәндік-қолданбалы өнерімен таныстыру;</p> <p>- өнер туындыларына, қоршаған шынайы әлемнің эстетикалық жағына қызығушылықты тәрбиелеу.</p> <p>Музыканы эмоционалды көңіл-күймен қабылдауға баулу. Музыкалық жанрлар: ән, би, маршпен таныстыру.</p> <p>Музыка тыңдау.</p> <p>Музыкалық шығарманы соңына дейін тыңдауға, музыканың сипатын түсінуге, музыкалық шығарманың неше бөлімнен тұратынын білуге және ажыратуға үйрету.</p> <p>Музыкалық ойыншықтар мен балалар музыка аспаптарының (музыкалық балға, сылдырмақ, барабан, металлофон, маракас, асатаяқ, түяқ, сырнай) дыбысталуын ажырата білуді жетілдіру.</p> <p>Түрлі сипаттағы әндердің мазмұны мен көңіл күйін қабылдай білуді қалыптастыру; әннің мазмұнын түсіну.</p> <p>Әртүрлі аспапта орындалған әндерді тыңдауға, оларды есте сақтауға және білуге; шығарманы соңына дейін тыңдауға үйрету.</p> <p>Музыкалық шығарманы иллюстрациялармен салыстыра білуді қалыптастыру.</p> <p>Балалар аспаптарының, музыкалық ойыншықтардың дыбысталуын ажыратуға үйрету;</p>

оларды атай білу.

Ересектердің орындаудындағы және аудио-бейнежазбадан музика тыңдауға үйрету.

Музикалық шығарманың көркем құралдарын: дауысы (ақырын-қатты), қарқыны (жылдам-баяу), көңіл-күйі (мұнды, көңілді) байқауға үйрету.

Ән айту.

Ән айту дағдыларын дамытуға ықпал ету: ре (ми) — ля (си) диапазонында, барлығымен бір қарқында әнді таза айту, сөздерді анық айту, әннің сипатын жеткізу (көңілді, созып, ойнақы айту). Аспаптың сүйемелдеуіне, ересектердің дауысына ілесе отырып, олармен бірге ән айту, әнді бірге бастап, бірге аяқтау.

Музикалық-ырғактық қозғалыстар.

Музикамен жүру мен жүгіруді ырғакты орындау, шеңбер бойымен бірінің артынан бірі жүру және шашырап жүруге үйрету. Музыканың басталуы мен аяқталуына сәйкес қымылдарды орындау, қымылдарды өз бетінше бастау және аяқтау. Би қымылдарын орындау сапасын жақсарту: кезек-кезек екі аяқпен және бір аяқпен секіру. Заттармен және заттарсыз музикалық шығарманың қарқыны мен сипатына сәйкес бір-бірден, жүппен ырғакты қымылдар орындау. Музикалық шығармалар мен ертегі кейіпкерлерінің қымылдарын мәнерлі және эмоционалды жеткізу дағдыларын дамыту: аю корбандаш жүреді, қоян секіреді, құстар ұшады. Қазақ халқының би өнерімен таныстыру. Музикалық сүйемелдеумен қазақ би қымылдарының қарапайым элементтерін орындау, ойындарда таныс би қымылдарын қайталау.

Балалардың билейтін музикаға сәйкес би қымылдарын өз бетінше орындаудына, таныс би қымылдарын ойындарда қолдануына мүмкіндік беру.

Балалар музикалық аспаптарында ойнау.

Балаларды музикалық аспаптармен: сыбызығы, металлафон, қоңырау, сылдырмақ, маракас және барабанмен, сондай-ақ олардың дыбысталуымен таныстыру.

Балаларға арналған музикалық аспаптарда және металлофонда (бір пластинада) ырғакпен қағып ойнаудың қарапайым дағдыларын менгеруге ықпал ету.

